

ӘОЖ 632.937.14:631.53.02

Е. Ж. ШОРАБАЕВ\*, Г. Д. ҮЛТАНБЕКОВА\*\*, А. Қ. САДАНОВ\*\*\*

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ СОЯ ДаҚЫЛЫНЫң ӨНІМІНЕ «НИТРАГИН» БИОПРЕПАРАТЫ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ

(\*Республикалық микроорганизмдер коллекциясы, Астана)

(\*\*Мониторинг зертханасы, Степногор)

(\*\*\*Биологиялық зерттеулер орталығы, Алматы)

Тәжірибе жүргізілген шаруашылықтардың егіс алқаптарындағы соя дақылы өнімінің микроэлемент молибденмен биопрепарат нитрагин әсерінен орта есеппен 4–5 ү/га жоғарылайтының анықталды. Сонымен қатар азот сіңіруші микроагзалардың топырақты азотпен байытатыны дәлелденді.

Бұршақ тұқымдастары симбиозды нитрагеназды кешенін пайдалана отырып, өздерін және алғы дақыл өсімдіктерін арзан жолды азот көзімен қамтамасыз етеді. Бұл «техникалық» азоттың бағасының жоғарылауына және оны сепкеннен кейінгі зиянды әсеріне қарағанда өте маңызды үрдіс болып келеді [1, 2].

Е. И. Мишустин және Н.И.Черепковтың ғылыми зерттеулерінің нәтижелері бойынша дүние жүзіндегі егін алқаптарын 25 млн т жыл сайын атмосфераға биологиялық азотты фиксерлеу арқылы толықтырылып отырады [3]. Биологиялық азоттың фиксерлену үрдісі өсімдіктердің 20% талабын қанағаттандырып отырады. ТМД елдеріндегі егін алқаптарда азоттық фиксерленуі 3 млн т-ға дейін жетеді [4]. АҚШ-тағы биологиялық азоттың мөлшері ТМД елдеріне қарағанда 2-4 есе артық [5].

Нитрагин жасау үшін арнайы, вирулентті, белсенді және бәсекеге түсे алатын штамдарды алу қажет. Бәсекелес бола алатын терминді былай түсінуге болады, яғни белгілі бір штамм *Rhizobium* және *Bradyrhizobium*, түйнекті бактериялардың ортасында басқа әртүрлі штамдардың арасында доминанты болып келетін штамм [6].

Көптеген зерттеушілер тәжірибе корытындылауына қарай отырып, нитрагинмен бірге микроэлементтерді пайдаланса, өнімнің түсімі жоғарылағанын байқаған. Ең керекті микроэлементтер – молибден мен бор. Топырақтағы молибденнің жетіспеушілігі бұршақ тұқымдас дақылдарының түйнекті бактерияларының түйнектелуін тежейді, леггемоглабин мен аминқышқылдарына әсер етеді. Сонында өсімдіктің көмірсу айналымы бұзылады, өнімнің түсімі азаяды [7].

Молибден косқаннан кейін түйнекті бактериялардың дамуы мен олардың бұршақ тұқымдастарымен симбиозы жақсартады [8, 9].

Ғалымдар өз жұмыстарында қоспа ретінде лиг-

нит және өте тәменгі сапалы көмірді *Rhizo-bium japonicum* штамдарына қолданғанда, бактериялардың өмір сүргіштігін 180 күннен кейін анықтаған. Жасушаның саны 1 г 0,37–0,67 млрд жеткен. Дала тәжірибесінің нәтижесінде топырақтағы сояның түйнекті бактерияларының спонтанды өскен саны осы препаратты қолданғаннан кейін өнімнің жоғарылығына және түйнек сандарының көбеюіне әсерін тигізген [10].

### Зерттеу материалдары және әдістері

Зерттеу жұмыстары негізінен 2004 жылы Алматы облысының 13 шаруа қожалықтарының 1320 гектар егіс алқаптарында жүргізілді (1-кесте). Осы егіс алқаптарына егілетін бұршақ тұқымдастарындағы өсімдіктердің тұқымдарын өндеуге арналған нитрагин препараты Степногор қаласындағы «Өндірістік биотехнология институты» АҚ-да дайындалды. Препарат дайындау үшін азот сіңіруші түйнекті бактерия *Rhizobium japonicum* туысының A-17 штамы пайдаланылды. Бұл препараттың түсі ақшыл сүр немесе коңыр. Осы түйнекті бактерия *Rhizobium japonicum* қоспа ретінде каolin пайдаланылды. Оны шығарғанда 1 грамында 6 млрд бактериялық клеткалардан тұрады. Бір гектарға қолданатын препараттың нормасы 200 грамм нитрагинде 1200 млрд-ка дейін клетка болуы тиіс. Сакталу мерзімі – 7 ай. Сояның түйнекті бактерияларының клеткалары биомассасын мына қоректік ортада өсірдік (кг/л):

Жүгері экстракті – 4,8;	техникалық глюкоза – 8,0;
$(\text{NH}_4)_2 \text{SO}_4$ – 0,4;	$\text{K}_2\text{HPO}_4$ – 0,4;
$\text{NaCl}$ – 0,1;	$\text{MgSO}_4 \cdot 7\text{H}_2\text{O}$ – 0,16;
Бор – 0,8;	pH – 6,1–6,2.

Азот сіңіруші микроагзаларды анықтау үшін сынамаларға алынған топырақты паста тәрізді жасап, бактериялық таяқша (петля) көмегімен шахматты қатарымен 50 түйіршіктерімен (барлығының

көлемін бірдей етіп алу қажет) Петри табақшасындағы қоректік орта бетіне құю. Тәжірибе 5 Петри табақшаларына егіліп жүргізілді. Өсіру жағдайы ( $28^{\circ}\text{C}$ ) температурада 5–7 тәулікке жасалды.

Тәжірибе жүргізілген шаруашылықтарда соя өсімдігі тұқымының «Қазақстан-200» сорты себілді. Әр гектарға тұқым себу нормасы – 130 кг мөлшерінде болды. Оның 1000 дәнінің салмағы 175,6 г, сабагының білктігі 130–150 см. Тұқым құрамындағы ақуыз және майдың жиналуы тиісінше – 43–45%; 21% тең. Вегетациялық өсу кезеңі 120–130 күн [11].

Дала тәжірибесіне алынған 13 шаруашылықтардың 6-нда 20 г/га, ал 7-нде 10 г/га молибден микроэлементі қолданылды (1-кесте).

### Зерттеу нәтижелерін талдаулар

Дала тәжірибесіндегі шаруашылықтарда не-гізгі микробиологиялық зерттеулер «Лабасы» ШҚ егіс алқабында жүргізілді. Осы егіс алқап топырағындағы азот сініруші түйнекті бактерия *Rhizobium japonicum* туысының A-17 штамы ино-

кулирленген кейінгі соя өсімдігінің ризосферасындағы түйнектердің пайда болу жиілігіне зерттеулер жасалды. Зерттеу нәтижелері 2-кестеде берілді. Яғни, тәжірибеде сояның шанактану, ғұлдену және жемістену кезеңдерінде түйнектердің пайда болуы салыстырмалы турде зерттелді.

Тәжірибеге алынған соя өсімдігінің бір данасындағы вегетациялық өсу кезеңдерінде түйнектер салының ауытқуы әртүрлі болды. Ең көп түйнектер байлаған өсу кезеңі ғұлдену фазасында оның саны – 51 дана, салмағы – 148,5 мг мөлшерді қөрсетті. Осы фазадағы басты тамырдағы түйнектердің қызығылт түсті болып көбеюі, түйнекті бактериялармен тамыр жүйесін инфекциялаганнан кейінгі нәтиже. Ғұлдену өсу кезеңінен түйнекті бактериялар саны жемістену фазасында 24 дана, сәйкесінше салмағы 127,3 мг дейін азайды.

Ал бақылауға алынған нұсқада мұлдем түйнектер пайда болмады. Яғни біз тәжірибеге алған егіс алқабында соя дақылының тамырында түйнектер көп болуы өсімдік иесі *Rhizobium japonicum* инокулирлелеген кезде ғана жүретін үрдіс екені дәлелденді.

**1-кесте. Соя өсімдігі егілген егіс алқаптарына биологиялық «нитрагин» препараты қолданылған Алматы облысы шаруашылықтары**

№	Шаруашылық аттары	Егіс алқаптарының көлемі, га	Нитрагин		Молибден	
			Препарат нормасы, кг/га	Егіс алқабына себілгені, кг	Микроэлемент нормасы, кг/га	Егіс алқабына себілгені, кг
1	«Лабасы» ШҚ	50	0,2	10	0,02	0,75
2	«Садеев» ШҚ	40	0,2	8	0,01	0,4
	«Солтанбай батыр» ЖШС	150	0,2	30	0,02	2,25
4	«Айгерім» ШҚ	140	0,2	28	0,02	2
5	«Ким Г.С.» ШҚ	50	0,2	10	0,02	0,75
6	«Атамекен» ШҚ	30	0,2	6	0,02	0,45
7	«Жігер» ШҚ	50	0,2	10	0,01	0,5
8	«Шакирт» ШҚ	50	0,2	10	0,01	0,5
9	«Комбиснаб» ЖШС	240	0,2	48	0,01	2
10	«КИЗ»	400	0,2	80	0,01	4
11	«Нұрсейіт» ШҚ	50	0,2	10	0,01	0,5
12	«Ализбаев С.И.» ШҚ	30	0,2	6	0,02	0,45
13	«Банур» ШҚ Барлығы	40 1320	0,2	8 264	0,01	0,4 14,95

**2-кесте. Сояның ризосферасындағы түйнектердің салының өзгеруі (бір өсімдікте)**

Тәжірибе нұсқалары	Шанактану		Ғұлдену		Жемістену	
	Түйнектердің саны, дана	Салмағы, мг	Түйнектердің саны, дана	Салмағы, мг	Түйнектердің саны, дана	Салмағы, мг
<i>Rh. japonicum</i> A-17штамы Бақылау	17,7 0	107,2 0	51,0 0	148,5 0	24 0	127,3 0

**3-кесте. Соя дақылышың өніміне түйнекті бактерия *Rhizobium japonicum* туысының A-17 штамының әсері  
(4 қайталаудың орташасы)**

Тәжірибе нұсқалары	Өсімдіктің биіктігі, см	Көк балауса салмағы		Дәннің өнімі		Тамырлар салмағы	
		Ц/га	Қосымша өнім, %	Ц/га	Қосымша өнім, %	Ц/га	Қосымша өнім, %
Бақылау	142,5	151,2	–	15,4	–	24	–
<i>Rh. japonicum</i> A-17 штамы	148,8	208	38	21,3	31,1	25,5	20

**4-кесте. Алматы облысы шаруашылықтарындағы «нитрагин» қолданылған  
соя дақылышынан алынған өнім көрсеткіштері**

№	Шаруашылық аттары	Егіс алқаптарының көлемі, га	Соя өнімі, ц/га		Қосымша өнім, ц	Өнімнің валдық жиынтығы, ц
			Бақылау	Тәжірибе (нитрагинмен)		
1	«Лабасы» ШҚ	50	20	25	5	250
2	«Садеев» ШҚ	40	14	20	6	240
3	«Султанбай батыр» ЖШС	150	20	25	5	750
4	«Айгерім» ШҚ	140	9	14	6	840
5	«Ким Г.С.» ШҚ	50	15	18	3	150
6	«Атамекен» ШҚ	30	16	22	6	180
7	«Жігер» ШҚ	50	20	26	6	300
8	«Шакирт» ШҚ	50	15	20	5	250
9	«Комбиснаб» ЖШС	240	16	20	4	960
10	«КИЗ»	400	20	25	5	2000
11	«Нұрсейіт» ШҚ	50	16	20	4	200
12	«Ализбаев С.И.» ШҚ	30	16	19	3	90
13	«Банур» ШҚ	40	15	20	5	200
	Барлығы	1320				6410

3-кестедегі алынған мәліметтер нәтижелерін бақылаумен салыстырғанда *Rhizobium japonicum* A-17 штамының соя өніміне едәуір әсері бары көрсетілген. Мұнда соя дақылышының көк балауса салмағы бақылаудағы нұсқада – 151,2 ц/га болса, ал нитрагинмен өндегендеге – 208 ц/га, яғни қосымша өнім – 38 % құрады. Ал соя дәннің тәжірибедегі өнімі – 21,3 ц/га болып, бақылау көрсеткішінен – 31,1 % жоғары болса, тамырлар салмағы тәжірибедегі көрсеткіші – 20 % артқан. Жалпы, талдауға алынған барлық параметрле-рінде өнімнің жоғарылауы нитрагиндеу үрдісінің нәтижесі болып табылады.

Келесі 4-ші кестеде дала тәжірибесі жүргізілген 2004 жылдағы шаруашылықтардан алынған жалпы өнім көрсеткіштері берілген. Егін жинау науқаны 20 қыркүйектен басталды.

Мұнда бақылауға ең үлкен көлемді «КИЗ», «Комбиснаб» ЖШС, «Сұлтанбай батыр» ЖШС және «Айгерім» ШҚ шаруашылықтарының егіс алқаптары алынды. Олардың соя өсімдігінен жинаған өнімі

бақылаумен салыстырғанда тәжірибедегі нәтижелері тиісінше – 5%; 4%; 5%; 6% артса, ал олардың өнімінің валдық жиынтығы сәйкесінше – 2000 ц.; 960 ц.; 750 ц.; 840 ц. тең болды.

Ескерте кететін бір жайт, соя дақылы ылғал сүйгіш өсімдіктер қатарына жататындықтан, «Айгерім» шаруа қожалығының алған жалпы өнімінің төмен болуы, біздің болжамымыз бойынша, сұгару жүйесін дұрыс пайдаланбауынан. Оған себеп бұл шаруашылықта сұгару фригат, яғни жаңбырлату әдісі арқылы жүзеге асырылады.

Ал, «Лабасы», «Жігер» және «Атамекен» шаруа қожалықтарының егіс алқаптарынан алынған тәжірибедегі өнім бақылауға алынған өніммен салыстырғанда қосымша өнім 5–6 ц жоғары болды. Зерттеуші Л. И. Пищейконың ғылыми мәліметтері бойынша, түйнекті бактерияларын сол жергілікті жерде егілген бүршак тұқымдастардан бөліп алып, сол жерде қолданғандаған жақсы нәтижелер беретіндігі көрсетілген [12]. Яғни жергілікті *Rhizobium japonicum* A-17 штамынан дайындалған

## 5-кесте. Топырактағы азот сініруші микроағзаларының сандық мөлшерінің нәтижелері

Талдау түрі	Сынамалар	Петри табакшасы	Табаңшадағы топырак түйіршікттер саны, дана	Азот сініруші микроағзалар өсken түйіршікттер саны, дана	Азот сініруші микроағзалар өсken түйіршікттер % үлесі
Эшби	Нитрагинмен өнделген	1	50	48	96,0
		2	50	50	100,0
		3	50	50	100,0
		4	50	50	100,0
		5	50	49	98,0
	Бақылау (нитрагинсіз)	1	50	34	68,0
		2	50	34	68,0
		3	50	25	50,0
		4	50	35	70,0
		5	50	27	54,0

биопрепаратпен жұргізілген нитрагиндеу үрдісі соя өсімдігінің жоғарылауына өз әсерін тигізді.

Микробиологиялық зерттеулер жұргізілген «Лабасы» ШҚ егіс алқабынан алынған топырактардағы азот сініруші микроағзаларға талдау жасалды. Талдау нәтижелері 5-кестеде берілген.

Соя өсімдігі егілген егіс алқабынан алынған топырақ сынамаларынан топырак түйіршікттері санын 5 Петри табақшаларда 50 данадан отырызғанда, өсіп шыққан азот сініруші микроағзалардың санының ауытқуы тәжірибеге қарағанда бақылауда төмен болды.

Тәжірибеге алынған нитрагинмен өнделген сынамаларда топырақ түйіршікттер санының өсіп шыққаны 1 және 5 табақшада бастапқы 50-ден тиісінше: 48; 49; ал қалған табақшаларда 100 пайыз өсті. Бақылауға алынған сынамада микроағзалардың сандық мөлшерлері әртүрлі. Олардың 3 және 5 табақшаларда микроағзалардың өсуі сәйкесінше – 25; 27 данаға ғана өсті. Пайыздық үлесі – 50%; 54%.

Морфологиялық талдау нәтижесінде жалпы алғанда Алматы облысынан алынған топырақ сынамаларындағы азот сініруші микроағзалардың сандық мөлшері тәжірибеге алынған алқаптарда 98,8% дейін жетсе, ал бақылауға алынған алқаптағы азот сініруші микроағзалардың мөлшері 62 пайызды ғана құрайтыны анықталды. Бұл мөліметтер нитрагин препарат әсерінің жоғары екендігіне дәлел бола алады.

Сонымен қатар, биологиялық препарат әсері тәжірибеге алынған шаруашылықтардағы соя өсімдігі өнімінің жоғары болуы, оларға экономикалық жағынан да тиімді болатындығы дәлелденді. Қорыта келгенде, Қазақстанның оңтүстігі топырағында сояның тұқымын нитрагинизациясы өсіргенде түйнектер пайда болмайды. Нитрагиннің

құрамына кірген барлық зерттелген штамдар сояның тамырында белсенді түйнектердің санының көптігіне және өсімдіктің жақсы дамуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар дәніндегі, тамырындағы және көп балауса салмағындағы азоттың құрамын жоғарылатады. Микроэлемент молибденмен бірге нитрагинде қолданғанда егіннің өнімі жоғарылағандығы байқалды.

## ӨДЕБИЕТ

1. Курманбаев А.А., Мохамед Абдуль-Кадер. Микробные препараты для растения донника // Разработка и совершенствование технологии производства биопре-паратов: Тез. докл. Международ. научн.-практ. конф. 2–4 авг. 1995 г. Степногорск, 1995. С. 152.

2. Саданов А.К., Абжалевов А.Б. Экологические основы повышения плодородия почв юга Казахстана. Алматы, 2002. 220 с.

3. Мишиустин Е.Н., Черепков Н.И. // Изв. АН СССР. Сер. биол. 1979. № 5. С. 58-61.

4. Трепачев Е.П., Ягодина М.С., Азаров Б.Ф. Органическое вещество и азот бобовых в земледелии Центрально-Черноземного района: вклад в плодородие почвы и потребность в азотном удобрении последующих культур // Сельскохозяйственная биология. 1991. №5. С. 16-30.

5. Берестецкий О.А. Актуальность и практическая значимость микробиологических исследований в решении проблемы повышения плодородия почв // Тр. ВНИИСХМ. 1986. Т. 56. С. 5-13.

6. Шильникова В.К., Серова Е.Я. Микроорганизмы-азотонакопители на службе растений. М., 1983.

7. Mullder E.G. Investigations on the nitrogen nutrition of pea plants // Plant and soil. 1948. V. 1, № 2. P. 179-212.

8. Карагүшиева Д., Алибекова Ш.Б. Влияние микроэлементов на симбиотическую азотфиксацию сои // Вестн. с/х науки Казахстана. 1978. № 2. С. 28-30.

9. Карагүшиева Д., Алибекова Ш.Б. Значение нитрагинизации для повышения урожайности сои в условиях Казахстана // Вестн. АН КазССР. 1978. № 4. С. 60-62.

10. Dube J.N., Namdeo S.I., Johar M.S. // Curz. Sci. (India). 1975. V. 44. P. 12.
11. Бойко А.Т., Калягин Ю.Г. Соя – высокобелковая культура. Алматы, 2004. С. 22.
12. Пищайко Л.Н. Влияние различных штаммов клуньковых бактерий на урожай и качество семян сои на орошаемых черноземах Ростовской области // Тр. ВНИИ-ИСХМ. 1987. Т. 57. С. 110-114.

#### **Резюме**

В результате совместного применения биопрепарата нитрагина и микроэлемента молибдена в экспериментальных опытах, проведенных в крестьянских хозяйствах, наблюдалось повышение урожайности сои в среднем на 4–5 ц/га. Было доказано, что азотфикссирующие микроорганизмы обогащают почву азотом.

#### **Summary**

In experiments, which carried out on the agricultural farms the influence of combined application of preparation nitratin and molybdenum microelement was studied. The increasing of productivity of soya bean on 4–5 t/ha was detected. It was demonstrated microorganisms, which absorb nitrogen, enrich the soil with it.